

Шартты қысқартулар

§1 Жарнама мәтінінде шартты қысқартуларды бас әріптерден құралған аббревиатура немесе сөз/сөз тіркесі түрінде береді. Мысалы: *ЕРЕЖЕ*.

§2 Жарнама мәтінінде шартты қысқартуларды ерекшелеп беру үшін арнайы таңбалар пайдалануға болады. Жарнама мәтінінде шартты қысқарту ретінде танылған аббревиатура, сөз және сөз тіркесінен бұрын немесе кейін арнайы (*) жұлдызша таңбасын қояды. Бұдан кейін жарнама парағының төменгі жағына шартты қысқартуға қатысты түсініктемені орналастырады. Шартты қысқартулар саны бірден көп болса, шартты қысқартулар санына сай (*) жұлдызша таңбасы қойылады. Мысалы: **Шарт, науқан***.

§3 Жарнама мәтінінде шартты қысқартуларды нөмірлеу арқылы ерекшелеп беруге болады. Жарнама мәтінінде шартты қысқарту ретінде танылған аббревиатура, сөз және сөз тіркесінен бұрын немесе кейін нөмір қояды. Нөмір шартты қысқарту ретінде танылған аббревиатура, сөз және сөз тіркесімен байланып орналасады және сөзбен бір регистрде немесе үстіңгі, астыңғы регистрде орналасуы мүмкін. Мысалы: *кезең⁵, уақыт₂*.